

«БЕКІТЕМІН»  
«Жетісу облысы білім басқармасының  
Текелі қаласы бойынша білім» ММ  
«№ 2 бөбекжай балабақша» МКҚК  
менгерушісі: Е.А.Жаксыбекова  
« 29 » 08 2024-2025ж



**Музыка жетекшісінің 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің  
ПЕРСПЕКТИВТІ ЖОСПАРЫ**

**«Балдырған»; «Балапан» ортаңғы тобы**

**Музыка жетекшісі: М.М.Ешмуханбетова**

Білім беру ұйымы балабақша  
 Топ «Балдырған;Балапан» ортаңғы топ  
 Балалардың жасы 3 жастан бастап  
 Жоспардың құрылу кезеңі қыркүйек айы 2024 жыл

| Айы      | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
|----------|---|
| Қыркүйек | <p><b>Музыка тыңдау:</b><br/>                     -Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын соңына дейін түсінуге үйрету;</p> <p><b>Ән айту:</b><br/>                     -Ән айту дағдыларын дамытуда сөздерді анық айтуға қалыптастыру;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b><br/>                     -Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету;</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру.</p> |

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|-------|--|
| Қазан | <p><b>Музыка тыңдау:</b> музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету;</p> <p><b>Ән айту:</b> дағдыларын дамытуда ре(ми)-ля(си) диапазонында ән айтуға үйрету, дауысын жатықтыру;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау;</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> музыкалық металлофон, барабан аспаптырмен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.</p> |

|        |  |
|--------|--|
| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
| Қараша | <p><b>Музыка тыңдау:</b> музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбыстарын ажырата білуді жетілдіру;</p> <p><b>Ән айту:</b> ән айту дағдыларын дамытуда барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, әнді барлығы бірге бастап бірге аяқтауға үйрету;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.</p> |

|           |   |
|-----------|---|
| Айы       | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
| Желтоқсан | <p><b>Музыка тыңдау:</b> музыка тыңдауда түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну;</p> <p><b>Ән айту:</b> дағдыларын дамытуда әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айтуға) үйрету;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.</p> |

|        |   |
|--------|---|
| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
| Қаңтар | <p><b>Музыка тыңдау:</b> музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету;</p> <p><b>Ән айту:</b> музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру;</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> |

|       |   |
|-------|---|
| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
| Ақпан | <p><b>Музыка тыңдау:</b> музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру;</p> <p><b>Ән айту:</b> әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру;</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> металлофон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> |

|        |   |
|--------|---|
| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
| Наурыз | <p><b>Музыка тыңдау:</b> музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету;</p> <p><b>Ән айту:</b> жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау;</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білу.</p> |

|       |   |
|-------|---|
| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
| Сәуір | <p><b>Музыка тыңдау:</b> ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету;</p> <p><b>Ән айту:</b> ән айтуда, қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау;</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану.</p> |

|       |  |
|-------|--|
| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
| Мамыр | <p><b>Музыка тыңдау:</b> балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу;</p> <p><b>Ән айту:</b> ән айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу.</p> |